

ӘОЖ 336.76(574)

Ғ.Р. Даулиева*, Н.Ж.Ештайбеков

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

*E-mail: galiya.daulieva@kaznu.kz

Биржа нарығының экономиканың нақты секторын дамытуға тигізетін әсері және оның тиімділігін арттыру жолдары

Өнеркәсіп өндірісі көлемінің артуы – елдің экономикалық өсуінің маңызды факторларының бірі болып табылады. Бұл ЖІӨ құрамындағы негізгі үлестің өнеркәсіпке тиесілі екендігінен көрінеді. Соңғы 10 жылдағы Қазақстанның өнеркәсіп өндірісінің дамуы тұрақты оң өсіммен сипатталады. Макроэкономикалық ортаның тұрақтылығына бағалы қағаздар нарығының механизмі мен құралдарының да қосатын үлесі зор. Нарықтық экономикасы дамыған елдердегі биржа нарығы қажетті ресурстардың 30-70%-ға дейін қамтамасыз ете алады. Осыны ескере отырып, берілген мақалада Қазақстан экономикасының дамуына биржа нарығының қосып жатқан үлесі талданды. Талдау барысында биржадағы сауда көлемінің соңғы 3 жылдағы динамикасы қарастырылды, сондай-ақ биржалық сауда көлемі ЖІӨ-мен салыстырылды. Сонымен қатар экономиканың салалары бойынша бағалы қағаздардың капитализациялану деңгейі осы мақалада көрініс тапқан. Талдау нәтижесінде осы бағытта кездесетін мәселелер анықталып, оларды шешу жолдары қарастырылды. Сондай-ақ биржа нарығының тиімділігін арттыру мақсатында бірқатар ұсыныстар жасалынды.

Түйін сөздер: биржа нарығы, бағалы қағаздар, биржа нарығының экономикалық тиімділігі, биржалық сауда көлемі, акция, облигация.

G.R. Dauliyeva, N.Zh. Eshtaipekov

Effect of exchange market on the development of the real sector of the economy and ways to improve its efficiency

Growth in industrial production is one of the most important factors of economic growth. This is due the fact that the GDP share of primary industry plays. Industrial development of Kazakhstan in the last 10 years was characterized by stable positive dynamics. When stability favorable macroeconomic environment can make a big contribution mechanism and instruments of the securities market. In countries with developed market economy, the stock market provides 30-70 % of the required resources. In this regard, in the present article has been analyzed the contribution of the exchange market for the development of Kazakhstan's economy. The analysis examined the dynamics of trading volume over the last 3 years, and was also a comparative analysis of trading volume to GDP. Additionally, this article reflects the level of capitalization of securities by sector . The analysis identifies the problems encountered in this field and their solutions. Also, the recommendations in order to improve the efficiency of the exchange market.

Keywords: stock market, securities, economic efficiency of the exchange market, trading volume, shares, bonds.

Ғ.Р. Даулиева, Н.Ж. Ештайбеков

Влияние биржевого рынка на развитие реального сектора экономики и пути улучшения его эффективности

Рост объемов промышленного производства является одним из важнейших факторов экономического роста страны. Это обусловлено тем, что в структуре ВВП основную долю занимает промышленность. Развитие промышленности Казахстана за последние 10 лет характеризовалось устойчивой положительной динамикой. При устойчивости благоприятной макроэкономической среды большой вклад могут вносить механизм и инструментальный рынок ценных бумаг. В странах развитой рыночной экономики биржевой рынок обеспечивает 30-70% необходимых ресурсов. В связи с этим в настоящей статье был проанализирован вклад биржевого рынка на развитие экономики Казахстана. В ходе анализа рассматривалась динамика объема биржевых торгов за последние 3 года, а так же был сравнительный анализ объема биржевых торгов с ВВП. Кроме того в этой статье отражен уровень капитализации ценных

бумага по секторам экономики. В результате анализа определялись проблемы встречающиеся в этом направлении и их пути решения. Также, даны рекомендации в целях улучшения эффективности биржевого рынка.

Ключевые слова: биржевой рынок, ценные бумаги, экономическая эффективность биржевого рынка, объем биржевой торговли, акция, облигация.

Биржа нарығы ондағы бағалы қағаздардың тәуекел деңгейінің төмендігімен, бағамының күнделікті белгіленуімен және ашықтығымен, тұрақты сауда-саттық өткізу орнының болуымен, мемлекет тарапынан қатаң реттеу шараларының жүргізілуімен, ондағы жүргізілетін операциялардың айқындалған жиынтығы болуымен сипатталады. Ондағы операциялар негізінен сапасы неғұрлым жоғары бағалы қағаздар мен бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары арқылы жүргізіледі.

Биржадағы бағалы қағаздарға қойылатын қатаң талаптар – неғұрлым сенімді және табысты қаржылық құралдарды айқындап, қолда бар барлық инвестициялық құралдарды тиімді пайдалануға, сондай-ақ, оларды өндірістің басым бағыттарына қайта орналастыруға ықпал

етеді. Сонымен қатар, биржа елдегі іскерлік белсенділіктің барометрі бола отырып, елдегі құрылымдық өзгерістердің бағыттарын талдауға мүмкіндік береді.


Бүгінгі кезеңде бағалы қағаздар нарығы экономиканың барлық саласында көрініс тапқан. Ол төмендегі кестеде бейнеленген.

Қазақстан Қор биржасындағы акциялардың және корпоративтік облигациялардың капитализациясы бойынша ресми тізімінің салалық құрылымы негізінен энергетика, материалдар дайындау және қаржы секторынан құралады.


Сондай-ақ, биржа нарығының дамуы мен ел экономикасы арасындағы өзара байланысты анықтау үшін соңғы 3 жылдағы биржалық сауда-саттық көлемінің елдің ЖІӨ-дегі үлесіне салыстырмалы талдау жүргізілді.

1-кесте – Акциялар мен облигациялардың капитализациясы бойынша биржалық саудадағы салалық құрылымы

Салалар	2011		2012		2013	
	акция	облигация	акция	облигация	акция	облигация
Энергетика	24,9	25,8	31,4	32,9	35,1	34,3
Қаржы	19,7	68,7	22,8	59,4	26,8	56,6
Телекоммуникация	3,6	0,8	3,0	1,0	16,0	0,3
Материалдар	48,5	0,3	34,8	2,0	9,7	1,8
Өнеркәсіп	0,4	0,9	5,5	1,3	8,3	1,1
Жаппай сұраныстық ие тұтыну тауарлары	1,7	1,4	1,5	2,4	3,1	1,7
Коммуналдық қызмет көрсету	0,3	2,0	0,1	1,0	0,1	1,0
Ақпараттық технологиялар	0	0,01	0	0	0	0
Денсаулық сақтау	0,1	0	0,1	0	0,2	0,1
Негізгі емес тұтыну тауарлары	0,6	0,1	0,7	0,1	0,6	3,2
Қазақстан қор биржасының мәліметтері(www.kase.kz) негізінде автормен құрастырылған						




1-сурет – Акциялардың капитализациясы бойынша биржалық саудадағы салалық құрылымы. Қазақстан қор биржасының мәліметтері(www.kase.kz) негізінде автормен құрастырылған



2-сурет – Облигациялардың капитализациясы бойынша биржалық саудадағы салалық құрылымы. Қазақстан қор биржасының мәліметтері(www.kase.kz) негізінде автормен құрастырылған

Кесте 2 – Қазақстанның ЖІӨ-дегі биржалық сауда-саттықтың меншікті үлес салмағы.

Көрсеткіштер	2011	2012	2013
KASE, млрд USD	201,0	184,4	210,0
ЖІӨ, млрд USD	186,4	201,7	213,8
ЖІӨ-нен, %	107,9	91,4	98,2
Қазақстан қор биржасының мәліметтері(www.kase.kz) негізінде автормен құрастырылған			



3-сурет – Қазақстанның ЖІӨ-дегі биржалық сауда-саттықтың меншікті үлес салмағы. Қазақстан қор биржасының мәліметтері(www.kase.kz) негізінде автормен құрастырылған

Жоғарыдағы келтірілген деректер, Қазақстан биржа нарығының ел экономикасының нақты секторының қызмет етуіне тигізетін әсерінің орасан зор екендігін көрсетеді. Алайда, осы бағытта кездесетін мәселелер де жоқ емес. Мәселен, акциялар пакетінің ірі көлемі негізінен аз ғана акционердің қолында шоғырланған. Ең негізгі мәселелердің бірі өтімді, әрі сапалы қаржылық құралдардың жетіспеушілігі болып табылады. Соңғы жылдардағы жалпы экономикалық өсудің негізінде жұмысбастылық жағдайларының жақсаруына орай, зейнетақы, сақтандыру жинақтарының еселеп өсуіне мүмкіндік туындады. Соған байланысты зейнетақы, сақтандыру жинақтарын орналастыру жағдайын оңтайландыру қажет.

Соңғы кездері бірқатар мемлекеттік мекемелердің бағалы қағаздарын қор нарығына шығарғанымен, бұл қаржылық құралдардың жетіспеушілік жағдайын жоя алмайды. Сонымен бірге отандық қор нарығындағы институционалды инвесторлардың активтері инвестицияланатын бағалы қағаздардың табыстылығының сенімді, әрі өтімді бағалы қағаздар жетіспеушілігі жағдайында төмендеу үрдісі байқалады. Соған байланысты ұлттық валютада еркін қаражаттардың көп бөлігін Қазақстан институционалды инвесторлардың әртараптанбаған портфелін құру арқылы инвестициялап жатыр. Оның негізгі бөлігін табыстылығы төмен мемлекеттік бағалы қағаздар алады, бірақ мемлекеттік бағалы қағаздарды тәуекелдік сипатынан қарастырсақ, олар ең тартымды қаржылық құрал болып саналады.

Қаржылық құралдардың жетіспеушілігіне үлестік (акция) бағалы қағаздар нарығының

белсенділігінің төмендігі мен Қазақстан компанияларының капитализациялануының төмен қарқынмен өсуі әсерін тигізіп отыр. Ел экономикасында акция нарығының рөлі төмен. Сонымен қатар, кәсіпорындардың көпшілігі өндірісті модернизациялау үдерісін жүргізуде қаржы тартудың көзі ретінде бағалы қағаздар нарығының артықшылығы өз деңгейінде бағаланбай отыр. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін инвесторлар талғамына сәйкес портфель құрылымын оңтайландыруға портфельдік инвестициялаудың экономикалық математикалық әдістерін қолдану қажет.

Кез келген салаға инвестиция салар алдында инвестордың сол саланың құрылымы мен қатысушылары туралы ақпаратқа қанық болуының маңызы жоғары. Осы орайда интернет торабында Қазақстанның инвестициялық қорлар нарығының барлық қатысушыларына арналған «Investfunds» деп аталатын ақпараттық сервердің жұмыс істеп келе жатқанына да бірнеше жыл болды. Аталмыш сайтта инвестициялық қорлар мен басқарушы компаниялардың тізімдері, қорлардың табыстылығы мен активтерінің көлемі бойынша рейтингтері, бағалы қағаздардың бағасы мен сатып алу жолдары, сондай-ақ қор рыногындағы соңғы жаңалықтар мен сараптамалар көрсетілген. Сондағы мәліметтерге сүйене отырып, басқарушы компанияның басқару стратегиясымен танысып және өзінің тәуекел деңгейін айқындап, кез келген жеке инвестор өзі шешім қабылдауы тиіс.

Қазақстан капитал нарығының әлсіздігі бір жағынан экономикадағы капиталдың жеткіліксіздігімен түсіндіріледі. Қазақстандағы жал-

пы жинақ көлемі жоғары деңгейде, алайда даму үшін капиталдандырылған жинақ маңызды рөл атқарады. Капиталға деген сұраныстың әлсіз болуы және сәйкесінше жинақтаудың

төмен деңгейі қаржы нарығының қызмет етуіне қажетті толыққанды экономикалық базаның қалыптасуына кері әсерін тигізетіні анық.

Әдебиеттер

- 1 Ермекбаева Б.Ж., Тұрлыбекова А.Ж. Бағалы қағаздар нарығы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2009.
- 2 Куашбаев С., Джуманов А. Финансы: учебное пособие. – Алматы: Экономика, 2010. – С. 668-700.
- 3 Нарықтық экономиканың орысша-қазақша сөздігі. – Алматы: ҚазмемҒАҒЗУ, 2001. – 400 б.
- 4 Қазақстан қор биржасының жылдық есептемелері, ақпараттық материалдары, ресми веб-сайты: www.kase.kz.

References

- 1 Ermekbaeva B.Zh., Turlybekova A.Zh. Bagaly kagazdar narygy: oku kuraly. – Almaty: Kazakh universiteti, 2009.
- 2 Kuashbaev S., Dzhumanov A. Finansy: uchebnoe posobie. – Almaty: Ekonomika, 2010. – 668-700 str.
- 3 Naryktyk ekonomikanyn oryssh-kazakhsha sozdigi. – Almaty: KazmemGAGZU, 2001. – 400 b.
- 4 Kazakhstan kor birjasinin jildik esepemeleri, akparattik materialdari, resmi ueb-saiti: www.kase.kz.